



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ




Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

тақырыбы: «РАУАН АГРО» ЖШС Бау-бақша егілетін алқаптардың топырақ құнарлығын анықтау


«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«17» қараша 2023 жыл

Кенес беру өткізілген орны:
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
Аймен ауылы, «РАУАН АГРО» ЖШС

Эксперт:  Әсімжанов Н.С.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы

 Р.Х. Рамазанова
қолы М.О.



Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Бау-бақша егілетін алқаптардың топырақ құнарлығын анықтау.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Бүгінде мемлекеттік сорттау сынағына алманың – 40, алмұрттың – 14, шиенің – 6, өріктің – 8, таңқурайдың – 4, кара қарақаттың 6 сорты берілген.

Бүгінде ауыл шаруашылығы дамып келе жатқан өңірлердің бірі – Алматы облысында 24 мың гектарға бау-бақша егілген. Оның 17 мың гектары алма бақтарына тиесілі. Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарының айтуынша, өңірдегі бау-бақша өнімдері ішкі сұраныстың қажетін өтеп тұр. Кейінгі жылдары қолға алынған интенсивті бақтарда әр гектарынан 30-50 тоннаға дейін өнім жинау мүмкіндігі бар. Ал облыста жүзеге асып жатқан қанатқакты жобалар алдағы уақытта үлкен өндіріс алаңдарына айналады деген сенім басым.

Бүгінде селекциялық гендік қорда 3 мыңға жуық гибрид түрлері бар. Ал мемлекеттік тізбеге енген 200-дей жаңа сорт шығарылған. Еліміздің Түркістан, Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстары бақ шаруашылығына ыңғайлы өңірлер дейтін болсақ, институт мамандары жылына әр дақылдан бір сұрып шығаруды мақсат етіп келеді.

Ал топырақ құрамын жақсартып, мол өнім алуға ықпал ететін отандық немесе басқа елдерден жеткізілетін органикалық тыңайтқыштар мен минералды тыңайтқыштар қолдану ауыл шаруашылығына арналған инновациялық өнімдерімен ерекшеленуде. Сонымен бірге отандық BioZam-Zam минералды тыңайтқыш үй және дала алқаптары дақылдары үшін пайдалы. Еліміздің оңтүстік және солтүстік аймақтарында, сондай-ақ жылыжайлардағы өсімдіктерді құнарландыруға ықпал етеді. Бұл өндірісте күніне 70-80 тонна тыңайтқыш әзірленеді.

3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;

Алматы облысы еліміздің ең кең өңірлерінің бірі. Оның топырақ-климаттық жағдайы алуан түрлі. Топырақты тексеріп отырудың маңыздылығы әр кезеңдерге сай топырақ картасын құрастыру, жерді тиімді пайдалану сонымен қатар топырақ құнарлығын арттыру болып саналады. Жалпы аталған аймақ климаттық жағдайлары осында барлық аудандастырылған жеміс-жидектерді, дақылдарды өсіруге қолайлы.

Қазақстан алманың отаны саналса да, алма экспорты жөнінен әлемде тек 42-ші орында тұр. Жалпы еліміздегі алма бақ алқаптарының көлемі 34 мың гектардан асады. Бұл көрсеткішті екі есеге ұлғайту үшін сапасы жоғары 3 млн көшет отырғызу керек. Ал оған күнгейдің, жалпы еліміздің климаттың қолайлығы мен топырақ

кұнарлығына аса мән берудің қажеттілігін атап өткен дұрыс. Топырағымыз құнарлы болған жағдайда мол өнім алуымызға кепілдік бере аламыз.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

